

Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2001 жылғы 11 мамыр N 605

Мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2) "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 4 ақпандағы N 330 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2000 ж., N 5-6, 61-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымына орналасуға арналған кадрлар резерві туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кадр резервіне есепке алынған азаматтар бір жыл ішінде лауазымдар санаттарының бір тобы шегінде мемлекеттік әкімшілік қызмет лауазымдарының тиісті немесе төменгі санатының лауазымына біліктілік талаптарына сәйкес келген әрі олардың келісімі болған жағдайда конкурстан өтпей тағайындалуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 12-1-тармақпен толықтырылсын:

"12-1. Уәкілетті органның резервшінің өтініші бойынша, ол біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда, лауазымдар санаттарының бір тобы шегінде төменгі санаттағы лауазымдарға орналасу үшін оны кадр резервіне ауыстыруға құқығы бар".

15-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер конкурстың нәтижесінде бос қызмет орнына орналасуға үміткер анықталмаса, конкурсқа қатысушылардың ешқайсысы кадр резервіне есепке алуға ұсыныла алмайды.

"

;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Ереженің 21-тармағында аталған азаматтар үшін тиісті санаттар лауазымдарының кадр резервіне есепке алыну құқығы мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша оқуды бітірген сәттен бастап туындайды және олар үшін үш ай бойы сақталады."

33-тармақта:

"хақы бар" деген сөздер алынып тасталсын;

"салу" деген сөз "салады" деген сөзбен ауыстырылсын;
36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"36. Мемлекеттік орган әкімшілік қызметтің бос лауазымына резервшіні орналастыру туралы шешім қабылдаған кезде осы мемлекеттік органның конкурстық комиссиясының ұсынысы бойынша кадр резервіне бұрын алынған адамдардың кандидатурасын бірінші кезекте қарайды.

Кадр резервінде лауазымдардың осы санатына немесе мемлекеттік органның бос лауазым үшін белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келетін резервшілер болмаған немесе резервшімен әңгімелесу нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, мемлекеттік органның конкурс өткізуге құқығы бар.

Мемлекеттік орган қабылданған шешім туралы уәкілетті органды он күн мерзімде хабардар етуге міндетті.";

3) **Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі бір ай мерзімде өздерінің бұрын қабылдаған актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті